

Қолданылған әдебиеттер:

1. Бурчак Ф.Г. Соучастие: социальное, криминологическое и правовые проблемы.– Киев: Выш. Шк, 1986. - 137 с.
2. Павлухин А.Н. Виды и ответственность соучастников преступления. – М.: ЮНИТИ-ДАНА: Закон и право, 2007.- 142 с.
3. Тельнов П.Ф. Ответственность за соучастие в преступлении. – М.: Юрид. лит. , 1974. - 155 с.

ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСС БАРЫСЫНДАҒЫ КУӘНІҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗДАНДЫРУ

*Жамиева Р.М., Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің доценті, з.ғ.к.
Оралбекова М.Д., Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің 2 курс
магистранты*

Азаматтық қоғамдағы құндылық жүйесінің ең қымбат қазынасы адам және оның құқықтары мен бостандықтары болғандықтан, оларды мемлекеттік билік тарапынан қорғау және сақтау қажет. Кейінгі жылдары мемлекетімізде қылмыстылықтың едәуір көбейіп кеткені бәрімізге белгілі. Сол себепті қылмыстық сот өндірісіне қатысушы куәлар жеке бастарының немесе жақын туыстарының қауіпсіздігі үшін өздеріне белгілі мәліметтерді айтудан және дәлелді айғақ беруден бас тартады. Бұндай жағдай орын алғанда көбінде құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне қылмыстық істі тергеу барысында біраз қиындық көрсетеді. Осыған сәйкес, қылмыстық сот өндірісіне қатысушы субъектілердің, оның ішінде куәлардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету мәселесі туындайды.

Өкінішке орай, ұзақ жылдар бойы қылмыстық сот өндірісіне қатысушы тұлғалар, әсіресе куәнің құқықтары мен заңды мүдделері мемлекеттік билік тарапынан құқықтық қорғау мен ерекше қамқорлыққа алудың пәні болып табылмады. Куәнің жеке және мүлкітік құқықтары, оның заңды мүддесі мен қауіпсіздігінің қамтамасыз ету шаралары біздің мемлекетімізде толық дамымаған. Қылмысты көре тұра, оны әшкерелеуге келгенде «көрген жоқпын, білген жоқпын» дейтіндер жиі кездеседі. Ал бұл әрекет қылмысқа жол ашып береді. Себебі куәнің мәліметтерді жасырып қалуы тергеу ісін қате жолға салуы мүмкін. Сауал салып қарасаңыз, үш адамның кемінде біреуі куә болудан бас тартатындығын, қылмысты көрсе де қауіптенетінін айтады. Біздің мемлекетімізде куәнің қауіпсіздігіне толық кепілдік берілмеген. Куә жалған сөйлесе қылмыстық жауапкершілікке тартылатынын білсе де, сыртқы күштерден қауіптенгендіктен және өзінің өмірі үшін қорыққандықтан жалған айғақ береді. Өмірде оларға не жақындарына, отбасына қауіп төнетін жағдайлардың аз кездеспейтінін ешкім де жоққа шығара алмайды [1, 114].

Мысалы, Ресейдегі мемлекеттік статистикалық комитеттің мәліметтері бойынша тұрғылықты халықтан олардың құқықтық қорғалуы және құқық қорғау органдарының мүмкіндіктері жайында пікірлерін зерттеген кезде сұраған 40 мың адамның ішінде 30 пайызы «егер қылмыстың куәсі болған жағдайда не істер едіңіз?» - деген сұраққа, болған оқиға жайлы құқық қорғау органдарына айтпаймыз деп жауап берген. Ал қылмыстық сот өндірісіне куә немесе жәбірленуші ретінде қатысқан тұлғалардан сұраған кезде олардың 90 пайызы егер де өздеріне, жақын туыстарына құқыққа қарсы әрекет ету арқылы өміріне, денсаулықтарына, мүліктеріне нақты қатер туып тұрса, айғақ беруден бас тартатындарын және жалған айғақ беретіндерін растады.

Қылмыстық іс бойынша куә мен жәбірленушінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге әсер ететін факторлардың арасында субъективті факторлар қатарына жататындары да бар. Бұл жүргізілген сауалнама және қылмыстық істер материалдарын зерделеу, қылмыстық құқықтық және сот ісін жүргізу нормаларының жетілмегендігімен байланысты мәселелерден басқа, оларды сирек қолдану тәжірибесі көбінесе құқық қорғау органдарының өзінен, сондай-ақ сот органдарынан шығатыны туралы тұжырым жасауға мүмкіндік береді [2,12].

Қылмыстардан зардап шеккен тұлғалардың құқықтары, мүдделері мен қауіпсіздігі, қылмыстың анықталуы, оның ашылуы, кінәлінің әшкереленуі және оған әділ жазаның қолданылуы көбінесе қылмыстық процесте қылмыстың құрбандығы, куәлер мен іске қатысатын өзге де тұлғалар алған ұстанымға байланысты болса да, әзірше құқық қорғау органдарымен еленбей келеді. Заң шығарушы тарапынан да, құқық қолдану органдары тарапынан да қылмыстың құрбандықтары құқықтарының

еленбеуі – адамдардың қорғалмағандығы мен енжарлығын жалпы сезінуінің, олардың құқық қорғау органдарына көмектесуді қаламауының негізгі себебі. Нәтижесінде, тұрғындарда қылмыстық әлемнің алдындағы қорқыныш пен сот әділдігі жүйесінен алшақтау өсіп келеді. Әсіресе, бұл қылмыстардан зардап шеккендердің және олардың жақындарының арасында байқалады [3, 161].

Айта кететін жағдай, куәлар ұйымдастырылған қылмыспен байланысты заңсыз әсерге тек шулы істер бойынша ғана ұшырап қоймайды. Осылайша, Алматы облысының қалалық сотының бірінде қарақшылық туралы іс қарастырылды. Сот қарауының барысында куәлік бере отырып, жәбірленуші өзінің куәлігінің мазмұнын сотталушылардың пайдасына өзгертті. Жедел қызметкердің көрсетілімдерінің негізінде, алдын ала тергеу барысында тікелей жәбірленушімен араласқан, сондай-ақ басқа басқа куәлардың куәліктерінен сотпен мынау анықталды: кейбір тұлғалардың тарапынан дене кемістігін келтіруге қауіптер бірнеше рет келтірілген болады. Бұл ретте оған тұрғылықты мекен-жайы мен жұмысын ауыстыруға тура келді. Сот бұйрықта жәбірленушінің сотта берілген куәліктері жарамсыз болып танылуына көрсетуге мәжбүр болды: «Сот жәбірленушінің тарапынан көрсетілімдердің өзгертілуі сотталушыға қатысты әсер етудің нәтижесі болады дегенге сенімді. Көрсетілгенге жәбірленушінің жұмыстан босатылуы, оның тұрғылықты мекен-жайының ауыстырылуы, сотқа келуге бас тартуы куәлік етеді». Берілген жағдай қазақстандық заманауи тәжірибеде жалғыз емес. Куәлер мен жәбірленушілердің қылмыстық істердің өндірісіндегі көрсетілімді беруден бас тарту жағдайларының көбеюі әділеттіліктің мүдделеріне қауіп төндіретін қауіпті тенденция болып табылады.

Куәлардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша нақты тәжірибиелік мәселелердің қарастырылуына өтпестен бұрын берілген институттың даму тарихына назар аударған жөн. Ол алғашқы рет Америка Құрама Штаттарында пайда болды. Дәл осы мемлекетте қарастырылатын мәселе басқа мемлекеттерге қарағанда ерте пайда болды. Куәлардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы құқықтық тәртіптің жағдайы туралы нақты куәларға келтірілген қол сұғушылықтардан емес, ал мемлекеттің қылмыстық істің қатысушыларын қорғау қабілетінен байқауға болады [4, 62].

Куәларды қорғау бағдарламасы (Witness Security Program) АҚШ-та 1970 жылдан бастап бар және сот приставтарының Федералды қызметімен бақыланады. Бағдарламаның қызметін бастағаннан бастап 15 000 астам куәлар жаңа тұрғылықты мекен жайларына ауыстырылды және оларға жаңа аттар берілді. Олардың көбісі әр түрлі қылмыстарды жасауға көмектескен адамдар болды, ал кейбіреулері – ұйымдастырылған қылмыстық топтардың мүшелері болды. Осы куәлердің біршама бөлігін балалар құрайды. Берілген бағдарламаның шеңберіндегі ең алғашқы куә Джо Валачи болды, ол тергеуге италяндық қылмыстық топтардың мүшелері туралы кең көлемдегі мәліметтерді ұсынды. Уақыт өткеннен кейін бағдарлама кеңейтілді, жыл сайын куәлардың қорғанысы бойынша шараларды жүзеге асыруға 53 миллион доллар жұмсалады. Куәларды қорғау бойынша тұрғылықты мекен-жайы мен аттарын ауыстырудан басқа, пластикалық хирургияның көмегімен куәнің сыртқы келбетін алмастыру сынды шаралар қолдана бастады.

Штаттардың деңгейінде куәларды қорғаудың бағдарламалары бар. Алты штаттар (Колорадо, Мэриленд, Миссури, Нью-Джерси, Род-Айленд, Вирджиния) толығымен куәлардың қорғанысына арналған арнайы заңдарға ие. Алайда кейбір штаттарда (Калифорния, Айова, Нью-Йорк) куәларды қорғаудың бағдарламасы заңнамада мүлдем көрініс таппайды. Кейбір штаттар өз бетінше өзінің куәларды қорғау бағдарламаларын қаржыландырмайды. Басқа штаттарда егер қылмыстық іс бойынша өндіріс аяқталған болса, куәларға қауіпсіздіктің шаралары ұсынылмайды [5, 18].

Алдымен куәмен келісімге отырады, оның шарттары «өзара түсіністіктің меморандумында» түсіндіріледі. Мұндай келісімнің шарты куәнің міндеттемесіне қылмыстың ашылуына және кінәлілердің табылуына көмектесетін жағдайлардан тұрады, куәнің мұндай шарттарды орындамаған жағдайында қауіпсіздік шаралары жасалмауы мүмкін. Өзара түсіністіктің меморандумында анықталатын келесідей қауіпсіздіктің нақты түрлері қарастырылған: жеке куәліктерін ауыстыру, тұрғылықты мекен-жайын алмастыру, жаңа мекен-жайда жайғасу үшін мүлкін алмастыру және көшіруге ақшалай көмек көрсету, жаңа орында орнығуына басқа көмектерді көрсету, қорғалатын тұлға және жаңа мекен-жайы туралы мәліметтерді құпияландыру.

Көптеген штаттарда әр түрлі қауіпсіздік шараларын қолдану үшін өзінің құқықтық негізі бар. Мысал ретінде, Делавэр штатының заңдарының жиынтығының 96 бөлімін келтіруге болады, ол толығымен куәлардың қорғанысына арналған. Берілген актімен қарастырылған негізгі қауіпсіздік шараларының қатарына мыналар жатады: куәнің тұлғасы туралы мәліметтерді жасыруға мүмкіндік беретін құжаттарды ұсыну, басқа үй беру, жаңа мекен-жайына мүліктері мен заттарын ауыстыру, жаңа мекен-жайда куәні ақшалай қаражаттармен қамтамасыз ету, жаңа жұмыс орнына орнығуға көмектесу. Куәлардың қорғанысы саласындағы кең міндеттемелер штаттың бас атторнейіне беріледі,

ол куәларға қатысты қауіпсіздік шаралары қандай деңгейлері бойынша қолданылатынын қадағалайды [6, 185].

Басқа мемлекеттерде де куәлардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесіне ерекше мән беріледі. Австралиялық Виктория штатында куәлардың қауіпсіздігімен айналысатын полицияның ерекше бөлімі бар. Берілген бөлімше 1986 жылы қалыптасты және сол уақыттан бері өзінің тиімділігін дәлелдеді. Осы бөлімнің қызметкерлеріне ерекше талаптар қойылады, оларды дайындау бағдарламалары бар. 1991 жылы Виктория штатында куәлардың қорғанысы туралы Заң қабылданған болатын (Witness Protection Act). Осы заңға сәйкес штаттың полициясының Жоғарғы Комиссары куәлардың қорғанысы бойынша міндеттемелерге ие, ол куәнің және оның отбасысының мүшелерінің куәлардың қорғанысы бойынша бағдарламаға ендірілуі туралы шешім қабылдайды, сонымен бірге оларға нақты қандай шаралар қолданылу керек екендігін анықтайды. Бұл шаралардың қатарына куәнің тұлғасы туралы мәліметтерді алмастыру, оны жаңа орынға ауыстыру және т.б. кіреді. Сонымен бірге куәлардың қорғанысы бойынша комитет бар (Witness Security Committee), олардың міндеттемелеріне нақты куәға қатысты қауіпсіздік шараларының қолданылу қажеттілігі туралы ерекше есепті дайындау кіреді. Бұл есеп куә мен оның отбасысы, куәға заңсыз әсер етудің мүмкіндігін талдау, осындай әсер болған жағдайында куәнің өміріне қауіптің деңгейі, болжанатын қауіпсіздік шаралары, куәға кететін жалпы шығындардың жиынтығы туралы мәліметтерден тұрады [7, 123].

Канадада 1996 жылдан бастап куәлардың қорғанысы бойынша Бағдарлама бекітілген заң бар, онда егер куә берілген бағдарламадағы талаптарға жауап беретін болса, онда онымен келісімге отырады, онда тараптардың міндеттемелері көрсетіледі. Комиссар оның орнына қол қоятын полицияның міндеттемелеріне куәнің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша қажетті саналы шараларды жасау кіреді. Куәнің міндеттемелерінің қатарына келесілер жатқызыла алынады: қылмыстық іс бойынша көрсетілімді беру және процессуалдық әрекеттерге қатысу, қауіпсіздік шаралары мен басқаларының жүзеге асырылуы бойынша шығындардың бірқатарын өзіне алу. Канададағы қауіпсіздік шараларының тізімі екі шараға алып келеді: жаңа құжаттардың ұсынылуымен куәнің тұлғасы туралы мәліметтерді алмастыру және куәнің тұрғылықты мекен-жайын алмастыру [8, 80].

Еуропалық кеңестің Министрлердің Комитетімен халықаралық ұйымдасқан қылмыспен күресу барысында куәлардың қорғанысы бойынша Резолюция қабылданған болатын (1995 жылдың 23 қарашасы, 95/C 327/04). Осы Резолюцияға сәйкес Еуроодақтың мемлекет мүшелері куәлардың тиісті және тиімді қорғанысын қамтамасыз етуі қажет, сот процесіне дейін және одан кейін берілген қорғаныс куәнің ата-аналарына, балаларына және басқа да жақын адамдарына қатысты қолданылатын болады. Қажет болған жағдайында куәнің тұрғылықты мекен-жайы мен жеке мәліметтері тек құзыретті мемлекеттік органдарға ғана белгілі бола алады. Қорғаныстың тағы формаларының бірі ретінде Резолюция тергеу өндірісімен салыстырғанда куәнің басқа жерге беруін қабылдайды. Куәлардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында Еуроодақтың мемлекет мүшелері сәйкес нормативті-құқықтық актілерді жасауға және қабылдауға шақырылады.

Францияда анықтау барысында куәлардың анонимді көрсетілімдеріне рұқсат етіледі, бұл ретте тергеудің хаттамасында көрсетілімдер сенімге тұратын, бірақ тұлғаның анонимдігін сақтауды қалайтын белгі қойылады.

2008 жылы Ұлыбританияда анонимді куәлар туралы Акт қабылданды, онда нақты куә тұлғасы туралы мәліметтерді құпиялаудың процедурасы мен оның көрсетілімдерін қолданудың тәртібі регламенттелген. Осы актіге сәйкес анонимділік куәге соттың бұйрығы бойынша беріледі, ол келесідей шаралардың сақталған жағдайларында беріледі: куәнің немесе басқа тұлғаның қауіпсіздігін қамтамасыз етудің қажеттілігінің болуы немесе қоғамдық мүддеге зиянды жоюдың қажеттілігі; берілген шараның қабылдануы әділеттіліктің мүдделерімен бірге келістірілетін болады; куәнің көрсетілімдері сот үшін үлкен мәнге ие және куә оның тұлғасы туралы мәліметтерді құпиясыздандырусыз куәліктерді беруден бас тартады. Сот бір тараптың мәлімдемесі бойынша немесе өзінің қалауы бойынша жағдайлардың біршама өзгерген кезінде куәнің тұлғасы туралы мәліметтердің құпияландырылуынан бас тарта алады.

Италияда ұйымдасқан қылмыстық топтардың әрекетін әшкерелеген куәларға қолданылатын қауіпсіздік шаралары кеңінен қолданылады. Мафияның «өкінген» мүшелерінің және олардың жақындарына пластикалық операция, эмиграция, эмиграция кезеңіндегі материалдық қамтамасыз ету күйіндегі көмек алу құқығы қарастырылған. «Мафияның кейбір мүшелері мемлекеттен қылмыстық әрекетімен салыстырғанда көп кепілдемелер мен материалдық құндылықтарды алатындай жағдай жасалғанда нәтижелері бірден көрінді. 1200 мафиозилер өздерінің сыбайластарына қарсы куәлік бере бастады. Италиялық мафияға қарсы көп жылдық процестің нәтижесінде түрмелерде қылмыстық әлемнің және коррупцияланған шенеуліктердің 20 мың сыбайластары болды».

Германияның ҚПК 54 параграфы Конституцияның қорғанысы бойынша Ведомстваның ресми қызметкерлеріне немесе полицияға қызметтік құпияны құрайтын мәліметтер туралы тек жоғарғы органның келісімімен ғана береді. Мұндай келісім қызметкерге өзінің атынан агентуралық көздерден алынған куәліктердің негізінде ол туралы мәліметтерді әшкерелеместен беруіне мүмкіндік береді.

Куәларды қорғау институтының дамуы Тәуелсіз Мемлекеттердің Достастығына кіретін мемлекеттерді де толғандырды.

2000 жылы Қазақстан «Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы» Заң қабылдаған болатын. Берілген заңның 8 бабына сәйкес қорғалатын тұлғалардың өміріне, денсаулығына қол сұғушылықтың қаупі туралы куәлік ететін мәліметтердің болған жағдайында өкілетті орган қылмыстық заңмен кімнен қауіп шығатын болса, сол тұлғаға қатысты ресми сақтық, оны мүмкін қылмыстық жауапкершілікке тартатындығы туралы шешім шығарады. Мұндай ресми сақтық куәнің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ықпал етеді, өйткені кімге қатысты ол шығарылған тұлға куәге әрі қарайғы заңсыз әрекет етуінен қылмыстық жауапкершілікке тартылуға қорыққаннан бас тарта алады [9, 10].

Қылмыстық істің қатысушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы қарым-қатынастарды реттейтін заңдар ТМД мемлекеттерінің көбісінде бар.

Шет мемлекеттердің куәнің қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы тәжірибесіне сүйене отырып, мынадай қорытындыларға келуге болады. Құқық қорғау органдарының қызметі ол үшін нормативті-құқықтық база болған жағдайында кең бола алады. Бұл ретте куәнің қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы қарым-қатынастарды реттеу үшін куәлар мен құқық қорғау органдарының негізгі құқықтары мен міндеттемелері анықталатын заңнамалық акт жеткіліксіз, көптеген нормативті-құқықтық актілердің қабылдануы талап етіледі, олар қауіпсіздік шараларының нақты тәртібін қарастырады. Сонымен бірге, қазіргі кездегі құқық қорғау органдарында арнайы бөлімшелерді құру қажет, оларға куәні қорғау бойынша шараларды жүзеге асырудың міндеттемелері қойылатын болады. Олар техникалық және маманданған кадрлармен жиынтықталуы қажет [10, 96].

«Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 5 шілдедегі №72 Заңына сәйкес, мемлекеттік қорғауға жататын адамдарға мыналарды жатқызуға болады:

1) судьялар; 2) қосшы билер; 3) прокурорлар; 4) тергеушілер; 5) анықтаушылар; 6) жедел-іздістіру қызметін жүзеге асырушы адамдар; 6-1) жедел-іздістіру қызметін жүзеге асыратын органдарға жәрдем көрсететін азаматтар; 6-2) жеке айыптаушылар; 7) қорғаушылар; 8) сарапшылар; 9) мамандар; 10) сот отырыстарының хатшылары, сот приставтары, сот орындаушылары; 11) жәбірленушілер; 12) куәлер; 13) сезіктілер; 14) айыпталушылар, сотталушылар, сотталғандар, сондай-ақ өздеріне қатысты қылмыстық қудалау тоқтатылған немесе сот ақтау үкімін шығарған адамдар; 15) аудармашылар; 16) куәгерлер; 17) заңды өкілдер, өкілдер; 18) азаматтық талапкерлер, азаматтық жауап берушілер; 19) аталған баптардың 1-18 тармақшаларында аталған адамдардың отбасы мүшелері, жақын туыстары мемлекеттік қорғауға жатады.

Куәлардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша қызмет процессуалдық және процессуалдықтан тыс шаралардың кешені ретінде анықтала алынады, ол уәкілетті мемлекеттік органдармен жүзеге асырылады, ол куәлардың және оның туыстарының өмірлеріне, денсаулықтарына қарсы қол сұғушылықтарды болдырмауға бағытталған.

Куәлардың қауіпсіздігі бойынша әрекеттер туралы білімнің жүйеленуі мақсатында осындай қызметтің келесідей негізгі бағыттарын бөліп көрсету қажет:

- процессуалдық қорғаныстың шараларын, яғни ҚР ҚПК және заңмен орнатылған процессуалдық формада қарастырылған қауіпсіздік шараларын қолдану;
- мемлекеттік қорғаныстың шараларын қолдану, қылмыстық істің қатысушыларының қорғанысы туралы Заңмен қарастырылған;
- аталған Заңмен қарастырылған әлеуметтік қорғаныстың шараларын қолдану.

Бұдан басқа осындай негізгі бағыттардың қатарына куәлерге әр түрлі заңсыз әрекеттерімен әсер еткеніне кінәлі тұлғаларды анықтау мен қылмыстық жауапкершілікке тарту бойынша құқық қорғау органдарының қызметі, сонымен бірге осындай заңсыз әрекеттердің нәтижесінде куәлерге келтірілген зиянды өтеуге бағытталған шаралардың кешені жатады. Қылмыстық істі қараудың қатысушыларының қорғанысы егер мүдделі тұлғалар осындай қатысушыларға жазасыз қысым көрсету мүмкіндігіне ие болса пайдасыз болуы мүмкін. Сондықтан қылмыстық істің қатысушыларына кез келген заңсыз әсеріне қылмыстық жауапкершіліктен бұлтартпаушылық құқық қорғау органдарының қызметінің маңызды мақсаты болып табылады.

Өкінішке орай, сот тәжірибесінде куәге жалған куәлік етуге мәжбүрлеу бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартылғандардың жағдайлары сирек кездеседі. 2012-2015 жж. Алматы облысының аудандық соттарымен қарастырылған 120 қылмыстық істердің материалдарының нәтижесі бойынша оннан астам жағдайларда тұлғалардың куәні жалған куәлік етуге мәжбүрлегені бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартылған жағдайларын кездестіруге болады.

Куәлердің қылмыстық-процессуалдық қорғаныс шараларына мыналарды жатқызамыз:

- куә қатысатын тергеу әрекетінің хаттамасында оның тұлғасы туралы мәліметтерді құпия сақтау;

- куәнің телефон мен басқа келіссөздерін бақылау мен жазу;

- танылатынның танитынмен визуалды бақылануын болдырмайтын жағдайда куәге тұлғаны тануға әкелу;

- жабық сот отырысын өткізу.

ҚР ҚПК қарастырылған процессуалдық қорғаныс шараларының тізімі жабық болып табылады. Олардың тәжірибеде қолданылуының мақсаттылығы куәні қорғаудың барынша қол жетімді түрлері болып табылады, ҚР ҚПК қарастырылған шеңберде қолданылады немесе өздері процессуалдық әрекеттер болып табылады және күрделі қауіпсіздік шарасының құқықтық механизмінің жүзеге асырылуын талап етпейді.

Ғылыми және тәжірибе жағынан куәнің тұлғасы туралы мәліметтерді құпия сақтау және оның соттың басқа сот отырысының қатысушыларының визуалды бақылауды болдырмайтын жағдайларда сұрау болып табылады.

Қарастырылатын шаралардың қолданылуы анонимді куәлер мәселесін тудырады, оның мәні келесіге негізделеді. Анонимді куәнің тұлғасы туралы мәліметтерге ие болмастан, қорғаныстың тараптары куәнің істің нәтижесіне қызығушылық мүмкіндігі, оның қоршаған ортадағы жағдайларды дұрыс қабылдаудың қабілетсіздігі туралы болжамдарын келтіре алмайды. Басқа сөзбен айтқанда, куәнің тұлғасы туралы мәліметтер оның куәліктерін бағалау үшін принципіалды мәнге ие. Егер бұл мәліметтер қол жетімсіз болса, онда куәнің куәлігінің растығын дұрыс емес бағалаудың мүмкіндігі артады, бұл сот қателігіне алып келуі мүмкін.

Айта кететін тағы бір жағдай, анонимді куәнің қауіпсіздігі үшін сотпен қылмыстық процесте сұралатын басқа куәлер қауіп тудырулары мүмкін, олар өздері байқамай ашық сот отырысында куәнің тұлғасы туралы нақты мәліметтерді ашып беруі мүмкін.

Сондықтан келесідей ұсыныстарды келтіруге болады. Анонимді куәнің куәліктерін бағалауда оның тұлғасының мәліметтерін құпияландыру туралы сот осылай жасаудың қажеттілігі болды ма, куәнің және оның туысқандарының өміріне, денсаулығына қауіп төнді ме, басқа құралдармен куәнің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге болатындығын анықтауы қажет. Бұл ретте анонимді куәлердің куәліктері іс бойынша басқа дәлелдемелерді жинау мен тексеру барысында тиісті жолмен тексерілуі қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Бентам И. О судебных доказательствах. Трактат. Перев.с франц. И. Горонович. - Киев: Фтица. -2014;- 325 с.
2. Бобраков И.А. Воздействие преступников на свидетелей и потерпевших и криминалистические методы его преодоления. Автореферат дисс. кл.н. - Саратов. - 2017; - 45 с.
3. Воронов А.А., Комаров А.И. Зависит ли право свидетеля на помощь адвоката от «графика следствия» и желания следователя? - Москва: Юрист. - 2010; - 58 с.
4. Гуценко К.Ф., Головки Л.В., Филимонов Б.А. Уголовный процесс западных государств. - Москва: Зерцало. - 2002; - 452 с.
5. Шейфер С.А. Обновление правовой регламентации доказывания по УПК западных стран. - Минск: Государство и право №12. - 2014; С - 35.
6. Ширинский С. Ваше мнения о свидетелях. – Москва: Российская юстиция №2. - 2014; С - 203.
7. Григорьев Ф.Г. Процессуальное положение свидетеля в уголовном судопроизводстве. - Москва: Диссертационная работа. - 2009; С - 160.
8. Мурадян Э.М. Защита и свидетель. - Минск: Государство и право №7. - 2008; С-135.
9. Познышев С.В. Куәнің құқықтық жағдайы. - Алматы: Заң және заман №2. - 2015; Б- 48.
10. Полянский Н.Н. Доказательства в иностранном уголовном процессе. - Москва: Юридическое издательство Министерства юстиции. - 2012; - 365 с.